

Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 6 маусым N 710. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.09.20. N 958 қаулысымен.

"Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің Тәртібі бекітілсін.

2. 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жер учаскелерінің орынын айқындау (бірдейлендіру) үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, әкімшілік аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың кодтарының тізбесі бекітілсін.

3. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу үшін қажетті аэросуретке түсіру, топографиялық, картографиялық материалдары бар министрліктер, басқа орталық және жергілікті атқарушы органдар оларды Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне көшірме түрінде және ақысыз ұсынатын болсын.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1998.09.16. N 892 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізу кезінде жер учаскелеріне берілген нөмірлер жылжымайтын мүлікке құқықтар мен олармен мәмілелерді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеуші органдары тарапынан мемлекеттік тіркеу мақсаты үшін пайдаланылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 6 маусымдағы

N 710 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің Тәртібі

ЕСКЕРТУ. Тәртіп өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысыме н.

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастры (бұдан әрі - Кадастр) "Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына сәйкес мемлекеттік органдарды, азаматтарды және заңды тұлғаларды жер және жекелеген жер учаскелері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

2. Кадастр Қазақстан Республикасы жерлерінің табиғи және шаруашылық жағдайы, орыны, мақсатты пайдаланылуы, жер учаскелерінің мөлшерлері мен шекаралары, олардың сапалық сипаты туралы мәліметтердің, жер учаскелерін есепке алу, жерді пайдалану және бағалау туралы, басқа да қажетті мәліметтердің жүйесін білдіреді.

Суармалы жер учаскелерінің мелиоративтік жай-күйі, олардың табиғи және сулылық-шаруашылық жағдайлары бойынша сапалық сипаттамаларын бағалау, олардың пайдалануын есепке алу туралы мәліметтер жүйесін құрайтын суармалы жерлердің мелиорациялық кадастры жер кадастрының құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Кадастрдың деректері жерлерді пайдалануды жоспарлау және күзету кезінде, жерге орналастыруды жүргізу, шаруашылық қызметтерді бағалау және жерлерді пайдалану мен күзетуге байланысты басқа да шараларды жүзеге асыру кезінде негіз болып табылады және жермен мәміле жасау кезінде, жер үшін төлемдердің мөлшерін айқындау кезінде, құқықтық және басқа да кадастрларды жүргізу кезінде де пайдаланылуы мүмкін.

4. Кадастрды жүргізу кезінде координаттардың, биіктердің, картографиялық кескіндердің, бірыңғай жіктемелердің, кодтардың, кіріс және шығыс қалыптардың бірыңғай мемлекеттік жүйесін қолдануға негізделген ақпараттардың өзара үйлесімділік принципі қамтамасыз етіледі.

5. Кадастр кадастрлардың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

6. Кадастр оны жүргізу процесінде үнемі жаңарып отыратын Қазақстан Республикасының жер ресурстарын пайдаланудың және күзетудің жағдайы туралы мәліметтердің жүйелендірілген жиынтығын білдіреді.

7. Тұйық шекаралармен бөлінген, белгіленген тәртіпте жер құқық қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілген жер учаскелері Кадастрдың

деректеріне есеп жүргізудің және сақтаудың бірлігі болып табылады.

8. Кадастрда әрбір жер учаскесі үшін оны кеңістікте бір мәнді бөлуге, мөлшері мен орнын, сондай-ақ құнының бағалануын (жердің сәйкес бағасы) айқындауға мүмкіндік беретін сипаттама белгіленеді.

9. Жер учаскелері туралы мәлімет аталмыш учаскеге бекітіліп берілген нөмірі, орналасқан жері, шекаралары және мәтіндік суреттелуі көрсетілетін жер-кадастрлық карталармен арақатынаста болады.

10. Кадастрдың мәліметтерін қалыптастыру Кадастрды жүргізу мақсаты үшін орындалатын топографиялық-геодезиялық, аэрокосмостық, картографиялық, жерге орналастырушылық, түгендеушілік, топырақтық, геоботаникалық, бағалаулық және басқа да тексерулер мен зерттеулер жүргізумен қамтамасыз етіледі.

11. Деректерді жинақтау жер учаскесінің кадастрлық нөмірі, жеке және заңды тұлғалардың - субъектілердің атауы, жер учаскесіне құқық, атқарушы органдардың актілері мен басқа да заңда көзделген құжаттар, жер учаскесінің орналасқан орыны мен көлемі, бағалық құны және жерді пайдалану құқығы, мақсаттық мәні, бөлінетіндігі және бөлінбейтіндігі, жер учаскесіне сервитуттар туралы, сондай-ақ атқарушы органдар белгілеген оны пайдалану жөніндегі шектеулер туралы ақпараттарға көңіл бөлінетін және сақталатын тиісті әкімшілік аудандардың деңгейінде жүргізіледі.

Бұл деректер аудандар, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және бүтіндей алғанда Қазақстан Республикасы бойынша оларды өзара салыстыруға мүмкіндік беретін меншік нысандары, жердің санаттары бойынша жүйелендіріледі.

II. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің және оның жергілікті жерлердегі органдарының мемлекеттік жер кадастрын жүргізу саласындағы функциялары

ЕСКЕРТУ. II-тараудың атауы және мәтінінде сөздер өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.09.16. N 892 қаулысымен.

12. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыруды орталық уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі және оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және оның аумақтық органдары қалыптастыратын мемлекеттік тапсырыс негізінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Тіркеу мақсатында жер учаскелерінің есебін алу жөніндегі жұмыстар тапсырысшылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жер кадастрын жүргізу жөніндегі жұмыстарды мамандандырылған мемлекеттік кәсіпорындар жүзеге асырады, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісі функциясын жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен .

13. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі :

жобалау-зерттеу, аэрокосмостық, жерге орналастыру, түгендеу, топырақ зерттеу, геоботаникалық, бағалау жұмыстарын және кадастрды жүргізу, кадастрлық құжаттамаларды қалыптастыру және жаңарту мақсаттары үшін жүзеге асырылатын басқа да зерттеулер мен тексерулерді жүргізуді ұйымдастырады ;

белгіленген тәртіпте, оның құзыретінің шегінде барлық министрліктер, заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылатын, Кадастрды жүргізу үшін қажетті құжаттамалардың әдістемелік нұсқаулары мен нұсқаулықтарын, нормативтері мен стандарттарын жасайды және бекітеді;

жыл сайын мүдделі министрліктер мен ведомстволарға Кадастр мен жерлер мониторингі деректерінің негізінде Қазақстан Республикасы жерлерінің жағдайы және пайдаланылуы туралы жиынтық талдамалы есеп ұсынады;

Кадастр деректерінің басқа мемлекеттік кадастрлардың мәліметтерімен сыйымдылығының сақталуын қамтамасыз етеді;

жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық комитеттердің Кадастрды жүргізуді ұйымдастыруына бақылауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының аумақтарында Кадастрдың деректерін алудың, өңдеудің және сақтаудың автоматтандырылған әдісіне кезең-кезеңмен көшу жөніндегі жұмыстардың жүргізілуін қамтамасыз етеді;

ақпараттарды жаңартуды, сақтауды, қорғауды және оған кіру құқығын республикалық деңгейде жүзеге асырады және қамтамасыз етеді;

жер туралы мәліметтерді, жүйелендіруді, зерттеуді және сақтауды, сондай-ақ Кадастрдың жариялауға жататын материалдарын шығаруды жүзеге асырады, мүдделі министрліктер мен ведомстволарға, азаматтарға және заңды тұлғаларға мәлімет ұсынады .

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.05.27. N 574 қаулысымен .

14. Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттері:

жыл сайын Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне тиісті облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар бойынша бар

жер мен олардың пайдаланылуы туралы есепті береді;
жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық комитеттердің Кадастрды жүргізуді ұйымдастыру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді;
Кадастрдың деректерін алудың, өңдеудің және сақтаудың автоматтандырылған әдісіне кезең-кезеңмен көшу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

автоматтандырылған режимде ақпараттарды жаңартуды, сақтауды, қорғауды және оған кіру құқығын жүзеге асырады және қамтамасыз етеді;

аумақтық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттерді картографиялық негіздермен, бағдарламалық әзірленімдермен, материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етеді;

аудандық (қалалық) деңгейдегі мамандарды оқытады және олар атқарған жұмыстардың сапасын бақылайды;

жер учаскелерін есепке алуды, тиісті облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалалардағы жер учаскелеріне құқықтылықты куәландыратын құжаттарды ресімдеуді және беруді жүргізеді;

мүдделі облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар) басқару органдарына, азаматтарға және заңды тұлғаларға Кадастрдан мәліметтер ұсынады.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.

15. Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық комитеттер: жаңа жер учаскелерін құруды және барларын қайта құруды жүзеге асырады;

жер учаскелерінің есебін, жер учаскесіне құқықтылықты куәландыратын құжаттарды ресімдеуді және беруді жүргізеді;

жыл сайын жер ресурстарын басқару жөніндегі облыстық комитетке аудан жерлерінің есебі және пайдаланылуы туралы есеп ұсынады;

мүдделі аудандық басқару органдарына, азаматтарға және заңды тұлғаларға Кадастрдан мәліметтер ұсынады;

автоматтандырылған режимде ақпараттардың жаңартылуын, сақталуын және қорғалуын, сондай-ақ оған кіру құқығын аудандық деңгейде жүзеге асырады және қамтамасыз етеді.

III. Жер-кадастрлық құжаттама

16. Кадастр базалық құжаттардан тұрады.

Базалық құжаттарға:

жер учаскесінің жер-кадастрлық ісі (кадастрлық іс);
тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік жер-кадастрлық кітабы;
жер-кадастрлық карта (кадастрлық карта) жатады.

Базалық құжаттарда жер учаскелері туралы алғашқы мәліметтер жазылады және жерлердің шаруашылық және табиғи жағдайында болған өзгерістер көрсетіледі.

17. Кадастрлық іс - жер учаскесі туралы құжаттар кіретін жаңа жер учаскелерін құру және барларын қайта құру туралы іс.

Кадастр ісін қалыптастыру жер учаскесін мемлекеттік жер-кадастрлық кітабына жазу үшін негіз болып табылады.

18. Мемлекеттік жер-кадастрлық кітабы жер учаскелері есепке алынатын, жерлердің кеңістіктік, табиғи және шаруашылықтық жағдайлары туралы нақты мәліметтер қамтылатын құжат болып табылады.

Ауылдық (селолық) округтің, поселкенің мемлекеттік жер-кадастрлық кітабын жүргізуді тиісті ауылдық (селолық) немесе поселкелік атқарушы органның өкілетті лауазымды тұлғалары жүзеге асыра алады.

Әдістемелік қамтамасыз ету және аталмыш құжаттың жүргізілуін бақылау жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық комитеттің тарапынан жүзеге асырылады.

Жер учаскесін мемлекеттік жер-кадастрлық кітабына жазу кезінде оған учаске бар кезде бірыңғай бүтіндік ретінде сақталатын, дербес, Қазақстан Республикасының аумақтарында қайталанбайтын кадастрлық нөмір беріледі. Бұл учаскеге жүргізілген кадастрлық іс те осы нөмірмен бірдейлендіріледі.

Жер учаскесінің кадастрлық нөмірін құру осы Тәртіптің 43-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Жердің кадастрлық картасы жер учаскелерінің орналасқан орнын, мөлшерлерін және шекараларын көрнекі кескіндеу, біріктіру және бөлу кезіндегі олардың өзгерістерін есепке алу мақсатында құрылады және жүргізіледі. Кадастр үшін кадастрлық карталар жүргізу және тіркеу мақсаты үшін жер учаскелеріне есепке алу жүргізу осы Тәртіптің 24 және 49-52-тармақтарында мазмұндалған.

20. Жер-кадастрлық құжаттамалардың құрылымы, мазмұны, нысандары, сондай-ақ оларды жүргізу жөніндегі нұсқаулар мүдделі министрліктер мен ведомстволардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің тарапынан әзірленеді және бекітіледі.

21. Жер-кадастрлық құжаттама мынадай талаптарға сәйкес болуы қажет: барлық реквизиттерді (оларды шығарушы органның, мекеменің, ұйымның атауын, күнін, құжаттың нөмірін, адресатты) құжатты алушыны (көрсету) толтыру арқылы белгіленген үлгідегі бланкаларда орындалады;

жер учаскелері шекараларының жоспарларын (сызбаларын) дайындау Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі белгілеген техникалық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады; мемлекеттік құпияға жатқызылған жер учаскелерінің жоспарларындағы (

сызбалары) мазмұндалатын мәліметтер олардың құпиялылығын қамтамасыз ететін белгіленген ережелерге сәйкес пайдаланылады және сақталады.

IV. Кадастрды жүргізудің тәртібі

22. Кадастрды жүргізуге:
өзірлік жұмыстары:

бастапқы деректерді жинау және өңдеу;
кадастрдың ақпараттық жүйесін құру енеді.

23. Өзірлік жұмыстарын жүргізу кезеңінде қолда бар жоспарлау-картографиялық материалдарды, жер-есептік құжаттамаларды, топырақтық геоботаникалық және басқа да зерттеулердің материалдарын зерттеу және талдау, жер учаскелері туралы мәліметтер жинау жүзеге асырылады.

24. Жер учаскелерінің желілік және алаңдық сипаттамаларына өзгертулер енгізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс кадастрлық карталар Кадастрдың картографиялық негізі болып табылады.

Кадастрлық карталардың масштабы Кадастрды жүргізудің деңгейіне қатысты таңдалады. Кадастрлық карталардың түрлері осы Тәртіптің 49-тармағында айқындалған.

Автоматтандырылған Кадастр жүргізу кезінде картографиялық негіз қағаз бетіндегі көшірмелері дайындалып геоақпараттық технологиялар қолданылуы арқылы электрондық карта түрінде қалыптастырылады.

25. Жер учаскелері туралы ақпарат жерге орналастырудың деректері бойынша құрылады және учаскелер мен пайдаланылатын жерлердің шекаралары мен алаңдары өзгерген кездерде жүйелі түрде жаңартылады.

26. Жер учаскесі егер оның белгіленген шекарасы болса және оған кадастрлық іс жүргізілсе түпкілікті қалыптастырылған болып саналады.

Азаматтарға және заңды тұлғаларға иелік ету болмаса пайдалану құқығымен бұрын берілген жер учаскелерін жеке меншікке немесе пайдалануға беруді алғашқы ресімдеу кезінде кадастрлық іс олардың өтініштерінің негізінде жүргізіледі.

Жер учаскесіне құқықты куәландырушы құжаттар, ал олар болмаған кезде - бұл учаскені ұсынушы құзыретті атқарушы органның шешімімен учаске шекарасының сызбасы (кестесі) өтінішпен қоса беріледі.

Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық комитеттер олардың шекараларының, алаңдарының өзгеруі белгілі болған және бұл өзгерістердің мақсаттық тұрғысы жергілікті атқарушы органдардың қайта бекітуіне немесе мүдделі тараптардың арасындағы жасалған шарттарда көрсетуге жататын жағдайларда жергілікті жерде жер учаскесін тексеру арқылы аталмыш

құжаттарды тексеруді жүзеге асырады.

Егер оларға, тиісінше өмірбойғылық мұрагерлік иелік немесе тұрақты иелік және тұрақты пайдалану құқығымен берілген жер учаскелерін азаматтардың меншігіне немесе заңды тұлғалардың пайдалануына беру кезінде бір не болмаса бірнеше жаңа жер учаскелері пайда болса, онда олардың әрқайсысында жаңа кадастрлық іс жүргізіледі. Бұрын учаскенің кадастрлық ісі оны жою туралы белгімен архивке өткізіледі.

27. Азаматтардың немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігіндегі жерлерден учаске құру тек тараптардың арасында жасалған мәмілелердің негізінде ғана жүргізіледі.

Жер учаскесін құруға мүдделі тұлғалардың өтініштерінің негізінде жүргізілген кадастрлық іске аталмыш мәмілелер бойынша нотариалдық куәландырылған көшірмелер, жер учаскелерінің жоспарлары немесе сызбалары, басқа да құжаттар кіргізіледі.

28. Азаматтардың және заңды тұлғалардың меншігіндегі, немесе пайдалануындағы жерлерден мемлекеттік қажеттер үшін жер учаскесін құру кезінде оған жүргізілген кадастрлық іске жаңа учаскені құру үшін негіз болып табылатын жер учаскесін мемлекеттік қажеттілік үшін алу туралы атқарушы органның шешімі не болмаса соттың шешімі, сондай-ақ жоспар (шекаралардың сызбасы) және істі қарау кезінде пайда болған басқа құжаттар кіргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 28-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.

29. Мемлекеттік қажеттер үшін, не болмаса азаматтар мен заңды тұлғалардың арасындағы мәмілелерде жасалған жер учаскесін қайта құру жағдайларында жаңа кадастрлық іс жүргізілмейді. Жер учаскесін қайта құру процесіне ықпал етуші барлық құжаттар аталмыш учаскеге бұрын жүргізілген кадастрлық іске кіргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 29-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.

30. Азаматтар мен заңды тұлғалардан күштеп алуға жататын (тәркілеу) не " Жер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74 және 75-баптарында көзделген негіздер жер учаскесінің кадастрлық ісіне соттық-атқарушылық өндірістің құжаттары кіргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 30-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.

31. Егер жер учаскесінің бөліктерін уақытша пайдалануға немесе кепілге (ипотека) беруге мәжбүр ету туралы шарттың талаптары бойынша бұл бөлікті басқа жерден бөлшектеуші шекараны белгілеу қажет болса (демек жаңа уақытша учаске құру) онда мұндай учаскеге дербес кадастрлық іс жүргізілмейді. Барлық құжаттар меншік иесінің немесе жерді пайдаланушының негізгі жер учаскесінің кадастрлық ісіне кіргізіледі.

Егер уақытша жер учаскесінің және жер сервитутының болуына негіз

жойылса, онда кадастрлық істегі тиісті құжаттарда жазу жазылады және олардың жойылғаны туралы белгі қойылады.

32. Кадастр қағаз бетіне жүргізіледі және ақпараттарды жинақтаудың, өңдеудің және сақтаудың электрондық жүйесін пайдалану арқылы жүргізілуі мүмкін.

33. Кадастрдың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі жұмысының тәртібін Қазақстан Республикасының Жер ресурстарының басқару жөніндегі агенттігі айқындайтын мамандандырылған бағдарламалық-техникалық кешендердің базасында құрылады.

V. Жерге сандық, сапалық есеп жүргізудің және бағалаудың тәртібі

34. Жерлердің сандық және сапалық есебі олардың нақты жағдайы және пайдаланылуы бойынша жүргізіледі. Барлық өзгертулер олар жергілікті жерлерде болғаннан кейін көрсетіледі. Жерді есепке алудың деректері әрбір жер учаскесі бойынша мемлекеттік жер-кадастрлық кітапқа кіргізіледі.

Есептік деректер жер учаскелері, елді мекендер, аудандар, облыстар бойынша және бүтіндей алғанда республика бойынша қалыптастырылады. Бұл ретте айрықша күзетілетін табиғи және тарихи-мәдени объектілер орналасқан учаскелер бөлек көрсетіледі.

Барлық санаттағы жерлер есептеуге жатады және ол жерді пайдалану түрлері бойынша жүргізіледі.

Жерлердің мөлшері, орны, саны мен сапасы туралы қажетті мәліметтер оларды бастапқы есепке алу кезінде көрсетіледі, ал жерлердің құрамында олардың сапасы мен пайдалану түрінде болған өзгерістер жерлердің ағымдағы есебін жүргізу процесінде анықталады.

35. Кадастрлық деректерді нақтылау және жаңарту мақсатында:

а) жер учаскелерінің иелері мен жерді пайдаланушылар, өкілетті лауазымды тұлғалар мен тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (ауыл (село), поселке, аудандық маңызы бар қала) әкімдерінің органы есепті жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша жыл сайын жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық комитетке белгіленген нысан бойынша меншіктегі және пайдаланудағы, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (ауыл (село), поселке, аудандық маңызы бар қала) әкімдерінің иелігіндегі жерлердің құрамында болған өзгерістер туралы есептер ұсынады;

б) жер ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік органдар есепті жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша аудандар, облыстық және республикалық маңызы бар қалалар, Қазақстан Республикасының облыстары бойынша жерлердің саны, сапалық жағдайы және пайдаланылуы туралы оларға

мыналарды қосу арқылы есептеме құрастырады;

ауыл шаруашылығына пайдаланылатын алаңдардың саны мен оларда болған өзгерістер (оның ішінде жеке суармалы және құрғатылған жерлер), оларды санаттар, меншік иелері және жерді пайдаланушылар бойынша бөлу туралы мәліметтерді, сондай-ақ жер учаскелерін мемлекет меншігіне сату туралы, пайдаланылған және жүйесіз пайдаланылған жерлерді алу туралы және мемлекеттің меншігіндегі жерлерді ауыл шаруашылығы емес қажеттіліктер үшін бөлу туралы мәліметтерді - жыл сайын;

ұсынылған жерге ақы алу үшін қажетті мәліметтерді, жерлер мен оларды санаттар, танаптар, меншік иелері, жерді пайдаланушылар бойынша бөлу, пайдаланылатын жерлердің алаңдарында болған өзгерістер, жердің сапалық жағдайы, оларды кадастрлық бағалау және аумақтардың игерілуі туралы мәліметтерді - 5 жылда бір рет.

ЕСКЕРТУ. 35-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.09.16. N 892 қаулысымен.

36. Жерлердің сапасын және құндық бағасын есепке алу: мақсаттық тұрғысын ескеріп жер учаскесін пайдаланудың тиімділігін а й қ ы н д а у ;

жер учаскесін кепілге салу арқылы банкілік кредит алу кезінде жердің б а ғ а с ы н а й қ ы н д а у ;

с а л ы қ с а л у ;

жер учаскесін мемлекеттік қажеттер үшін күштеп алу кезінде және реквизиция жағдайында сатып алу бағасы мен төлем мөлшерін сотпен айқындау;

аукционда сату кезінде жер учаскесінің немесе жерді пайдалану құқығының бастапқы бағасын айқындау мақсатында жүргізіледі.

Жердің сапасы және оның құндық бағасы туралы мәлімет әрбір жер учаскесі бойынша мемлекеттік жер-кадастрлық кітапта көрсетіледі.

Жерді бағалау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жекеменшікке сатылатын немесе мемлекетке пайдалануға ұсынылатын жер учаскелерінің бағалық құнын айқындау тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 36-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.

37. Осы тәртіптің 35-тармағына сәйкес жасалған бар жерлер, олардың саны, сапалық жағдайы және пайдаланылуы туралы есептер қаралады және бекітіледі:

аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар бойынша - тиісті ауданның және облыстық маңызы бар қаланың әкімдерінің тарапынан және есепті жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірілмей жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі облыстық комитетке ұсынылады;

облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар бойынша тиісті облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерінің тарапынан және есепті

жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірілмей Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі есепті жылдан кейінгі 20 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасының бар жерлері, олардың сапалық жай-күйі және пайдаланылуы (республикалық маңызы бар қалалар, облыстар бойынша және тұтастай алғанда, республика бойынша) туралы жиынтық талдамалы есепті алқада қарайды және бұйрықпен бекітеді.

Оны Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі бекіткеннен кейін жиынтық талдамалы есептің көшірмесі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Экономика және сауда министрлігіне, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне және Статистика жөніндегі агенттігіне жолданады.

ЕСКЕРТУ. 37-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.09.16. N 892 қаулысымен.
ЕСКЕРТУ. 37-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.
ЕСКЕРТУ. 37-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.05.27. N 574 қаулысымен.

VI. Тіркеу мақсаты үшін жер учаскелерін есепке алу

38. Тіркеу мақсаты үшін жер учаскелерінің және ондағы жылжымайтын мүліктердің есебін алу меншік құқы мен басқа да құқықтарды, сондай-ақ жылжымайтын мүліктерге иелікті мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етуші қажетті шарт болып табылады.

39. Жер учаскелерін есепке алу кезінде мына деректерді көрсету міндетті болып табылады:

жер учаскесі иесінің немесе пайдаланушының аты-жөні;
жер учаскесінің көлемі;
жер учаскесіне меншіктің нысаны;
жер учаскесінің мақсаттық тұрғысы;
жер учаскесін пайдаланудағы шектеу;
жер учаскесінің бөлінетіндігі немесе бөлінбейтіндігі;
жер учаскесінің кадастрлық нөмірі;
жер учаскесіндегі жылжымайтын мүлік туралы мәлімет.

40. Азаматтар мен заңды тұлғалар жылжымайтын мүлік объектілері орналасқан жер учаскесіне кадастрлық нөмір берілуі үшін, сондай-ақ жерге құқықты куәландыратын ескі үлгідегі құжатты жаңасына ауыстыру үшін өтінішпен тиісті жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аумақтық комитетке хабарласады.

Жер учаскесіне және жылжымайтын мүлікке құқықты куәландыратын

құжаттардың көшірмелері, жер учаскесіне орналасқан жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық түгендеу органы немесе сәулет және қала құрылысы органы растаған жоспары өтінішпен қоса беріледі.

41. Жер учаскесін сәйкестендіру, оны кадастрлық картада көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізу бұл учаскенің нақты шекарасын, шектеулер мен жүктеулердің болуын айқындаудан, басқа тұлғалар құқығының сипатын, сондай-ақ мақсаттық пайдаланылуын белгілеуден басталады. Жер учаскесінің шекарасын белгілеу және оларды ресімдеу процедуралары Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің нұсқаулық көрсетулеріне сәйкес жүргізіледі.

42. Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша "Азаматтар мен заңды ұйымдарға жер учаскесіне меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актілерді беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 сәуірдегі N 402 қаулысына сәйкес жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжаттар әзірленеді және беріледі, сондай-ақ осы Тәртіптің 18-тармағына сәйкес жер учаскесіне кадастрлық нөмір беру арқылы мемлекеттік жер-кадастрлық кітабына жазба жазылады.

ЕСКЕРТУ. 42-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.

43. Кадастрлық нөмірді құру:
облыстардың немесе республикалық маңызы бар қалалардың кодымен;
әкімшілік ауданның немесе облыстық (аудандық) маңызы бар қалалардың
к о д ы м е н ;

есепті кварталдың кодымен;
жер учаскесінің есепті кварталдағы және (немесе әкімшілік аудандағы, облыстық (аудандық) маңызы бар қаладағы реттік нөмірімен айқындалады.

Елді мекеннің, жұмысшы поселкелері мен селолық елді мекендердің, бағбандық және саяжайлық қоғамдардың кварталдары, темір жол, автомобиль жолдары, бөлу жолақтары бар жер бетіндегі, жерден жоғары және жер асты құбыр желілері, суаттар және басқа желілік объектілер есепті кварталдар болып табыла алады.

Ескерту. Жер учаскесі кадастрлық нөмірінің екі алғашқы саны облыстың немесе республикалық маңызы бар қаланың кодын, одан кейінгі үшеуі - әкімшілік ауданның немесе облыстық (аудандық) маңызы бар қаланың, одан кейінгі тағы үшеуі - есепті кварталдың кодын және соңғы үш сан - есепті кварталдың және (немесе әкімшілік ауданның, облыстық (аудандық) маңызы бар қалалардың ішіндегі жер учаскесінің реттік нөмірін білдіреді.

44. Есепті кварталдар мен олардың кодтарын сәулет және қала құрылысы, сондай-ақ техникалық түгендеу органдарымен келісім бойынша жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аумақтық комитеттер

айқындайды және сонынан құқықтық кадастрде пайдаланылатын тиісті құзыретті атқарушы орган бекітеді.

Есепті кварталдардың және (немесе әкімшілік аудандардың, облыстық (аудандық) маңызы бар қалалардың ішіндегі жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлерін жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аумақтық комитеттер береді.

45. Егер осы Тәртіпке сәйкес есепті кварталға код беру объективті себептер бойынша мүмкін болмаса, онда аталмыш кварталдың ішіндегі жер учаскесіне уақытша (шартты) кадастрлық нөмір беріледі. Бұл жағдайды мұндай кварталдың коды кадастрлық нөмірдің нақты есепті кварталда шартты білдірілуін көрсетуі тиіс "9" санымен басталады. Есепті кварталдың заңды статусын одан кейінгі анықтау кезінде бұрын берілген шартты нөмірді көрсету арқылы оған нағыз код беріледі.

46. Жер учаскесін бірнеше бөлікке бөлу немесе бірнеше жер учаскелерін біреуге біріктіру кезінде ескі нөмірлер жойылады және жаңа кадастрлық нөмір беріледі.

47. Бүгін жер учаскесіне меншіктік құқығы немесе жерді пайдалану құқығы басқа меншік иесіне немесе жерді пайдаланушыға ауысқан кезде жер учаскесінің кадастрлық нөмірі ауыстырылмайды.

Жер учаскесінің есептік деректеріне онымен мәмілені жүзеге асырудың нәтижесінде жер учаскесіне меншік құқығы немесе жерді тұрақты пайдалану құқығы басқа тұлғаға ауысуы туралы мәліметтерді енгізуді оған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеуші органдары ұсынған материалдардың негізінде жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аумақтық комитеті жүргізеді.

ЕСКЕРТУ. 47-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен .

48. Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық комитет жер учаскесіне кадастрлық нөмір берілгендігі және бұл учаскенің жер кадастрінде есепке қойылғандығы туралы мәлімдеуші мен тіркеуші органға хабарлайды. Мәлімдеушіге жер учаскесінің жаңа кадастрлық нөмірі бар және кадастрлық картада (кестеде) өзгерту көрсетілген кадастрлық картаның (кестенің) тиісті бөлігінің расталған көшірмесі беріледі.

49. Кадастрды жүргізудің деңгейіне қарай кадастрлық карталар (кестелер) бақылау жағдайында құрылады және ұсталады:

Қазақстан Республикасының кадастрлық картасы облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың шекаралары мен кодтары көрсетілуі арқылы ;

облыстардың кадастрлық картасы (кестесі) әкімшілік аудандардың және облыстық (аудандық) маңызы бар қалалардың шекаралары мен кодтары

к ө р с е т і л у і а р қ ы л ы ;

республикалық маңызы бар қалалардың кадастрлық картасы қаланың ішіндегі әкімшілік аудандардың шекаралары мен кодтары көрсетілуі арқылы; әкімшілік ауданның, облыстық (аудандық) маңызы бар қалалардың кадастрлық картасы (кестесі) есепті кварталдардың шекаралары мен кодтары к ө р с е т і л у і а р қ ы л ы ;

есепті кварталдың кадастрлық картасы (кестесі) жер учаскелерінің шекаралары мен нөмірлері көрсетілуі арқылы.

50. Кадастрлық картада (кестеде) жер учаскелерінің шекаралары жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжаттарға және картаның (кестенің) масштабындағы жерді пайдалану жоспарларына сәйкес көрсетіледі.

51. Қажет болған кезде кадастрлық карталар (кестелер) бірнеше бөлікте д а й ы н д а л у ы м ү м к і н .

52. Кадастрлық карталарды (кестелерді), жүргізуді және одан кейінгі жаңартуларды оларды бақылау жағдайында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеуші органдарына ұсынатын Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің аумақтық органдары жүзеге а с ы р а д ы .

ЕСКЕРТУ. 52-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.

VII. Кадастрдың ақпаратын пайдалану

53. Мыналар Кадастрдың ақпаратын пайдаланушылар болып табылады: аумақтарды дамытуды жоспарлау, жерлерді аймақтандыру, табиғат ресурстарын орынды пайдалану жөніндегі бағдарламаларды жасау мәселелері бойынша, жер ресурстарын пайдалануға байланысты басқа да мәселелер бойынша - мемлекеттік басқару органдары;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеуші органдары мен Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі және оның жергілікті жердегі органдары;

құрылыс салуға жер учаскелерін таңдау және ұсыну (сату) мәселелері бойынша - құрылыс және басқа объектілердің тапсырыс берушілері;

жобалау-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін бастапқы мәліметтер алу мәселелері бойынша - жобалау, зерттеу, ғылыми-зерттеу ұ й ы м д а р ы ;

мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу, қала құрылысының және басқа да құжаттамаларды әзірлеу мәселелері бойынша - сәулет және қала құ р ы л ы с ы о р г а н д а р ы ;

табиғат ресурстарын пайдалануға және қоршаған ортаның жағдайына

бақылау жүргізу, табиғат қорғау шараларын әзірлеу мәселелері бойынша қоршаған ортаны және табиғат ресурстарын қорғаудың мемлекеттік органдары; жер салығын есептеу мәселесі бойынша - салық қызметі; басқа да заңды және жеке тұлғалар.

ЕСКЕРТУ. 53-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.09.16. N 892 қаулысымен.
ЕСКЕРТУ. 53-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 800 қаулысымен.

54. Мемлекеттік құпиясы жоқ және кіруге басқа да шектеулері болмаған Кадастрдың ақпараты кез-келген заңды және жеке тұлғаға ұсынылады.

Пайдаланушылар алған Кадастрдың ақпараты сатуға немесе басқа мәмілелер жасауға жатпайды, бірақ өндірістік ақпарат құру үшін пайдаланылуы мүмкін.

55. Кадастрдың ақпаратын пайдалану, қағаз немесе магниттік тасымалдаушыларда стандартты ресімделген кадастрлық құжаттармен танысу және (немесе) оны алу нысанында, сондай-ақ техникалық және телекоммуникациялық байланыс құралдарын қолдану арқылы Кадастр мәліметтері банкісіне тікелей санкцияландырылған рұқсат арқылы жүзеге асырылады.

56. Кадастрдың ақпаратына ену режимін бұзу немесе анық емес ақпараттарды ұсыну қолданылып жүрген заңға сәйкес жауапкершілікке апарды.

57. Жылжымайтын мүлікке және олармен жасалған мәмілеге құқықтылықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы, немесе мемлекеттік бақылау функцияларын орындаушы немесе басқа да мемлекеттік кадастрларды жүргізуді жүзеге асырушы органдардан басқа кадастрдың ақпараттарын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіпке сәйкес деректерді іздеу, өңдеу және жауапты ресімдеу жөніндегі шығындарды төлейді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1998 жылғы 16 қыркүйектегі

N 892 қаулысына

1-қосымша

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1998.09.16. N 892 қаулысымен .

Жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлерді қалыптастыру мақсатына арналған облыстар мен республикалық маңызы бар қалаларға берілетін кодтардың ТІЗБЕСІ

А қ м о л а	0 1
А қ т ө б е	0 2
А л м а т ы	0 3
А т ы р а у	0 4
Ш ы ғы с Қ а з а қ с т а н	0 5
Ж а м б ы л	0 6
Б а т ы с Қ а з а қ с т а н	0 8
Қ а р а ғ а н д ы	0 9
Қ ы з ы л о р д а	1 0
Қ о с т а н а й	1 2
М а ң ғ ы с т а у	1 3
П а в л о д а р	1 4
С о л т ү с т і к Қ а з а қ с т а н	1 5
О ң т ү с т і к Қ а з а қ с т а н	1 9
А л м а т ы қ а л а с ы	2 0

Астана қаласы 21

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 16 қыркүйектегі

№ 892 қаулысына

2-қосымша

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1998.09.16. № 892 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. № 800 қаулысымен.

Жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлерді қалыптастыру мақсатына арналған өкімшілік аудандар мен облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға берілетін кодтардың ТІЗБЕСІ

Өкімшілік-аумақтық бірлік	Код
1	2

А қ м о л а о б л ы с ы - 0 1

А қ к ө л

0 0 1

Астрахань		002
Атбасар		003
Сандықтау		004
Аршалы		005
Ерейментау		006
Егіндікөл		007
Қорғалжын		008
Бұланды		009
Целиноград		011
Шортанды		012
Ақкөл қаласы		014
Атбасар қаласы		015
Ерейментау қаласы		016
Макинск қаласы		017
Степногор қаласы		018
Шаңтөбе поселкесі		019
Жарқайың		275
Есіл		277
Жақсы		278
Державин қаласы		283
Есіл қаласы		284
Красногор поселкесі		285
Еңбекшілдер		172
Зеренді		160
Щучье		171
Көкшетау қаласы		174
Заозерный кенті		173
Степняк қаласы		176
Щучье қаласы	177	
Ақтөбе қаласы-02		
Алға		022
Байғанин		023
Әйтекеби		024
Ырғыз		025
Мұғаджар		027
Қарғалы		028
Мәртөк		029
Темір		031
Ойыл		032

Қ о б д а	0 3 3
Х р о м т а у	0 3 4
Ш а л қ а р	0 3 5
А қ т ө б е қ а л а с ы	0 3 6
А л ғ а қ а л а с ы	0 3 7
Қ а н д ы а ғ а ш қ а л а с ы	0 3 8
Т е м і р қ а л а с ы	0 3 9
Х р о м т а у қ а л а с ы	0 4 0
Ш а л қ а р қ а л а с ы	0 4 1
Е м бі қ а л а с ы	0 4 2
Алматы облысы-03	
Б а л қ а ш	0 4 3
Е ң б е к ш і қ а з а қ	0 4 4
Ж а м б ы л	0 4 5
І л е	0 4 6
Қ а р а с а й	0 4 7
Р а й ы м б е к	0 5 0
Т а л ғ а р	0 5 1
Ұ й ғ ы р	0 5 2
Е с і к қ а л а с ы	0 5 4
Қ а п ш а ғ а й қ а л а с ы	0 5 5
К а с к е л е ң қ а л а с ы	0 5 6
Т а л ғ а р қ а л а с ы	0 5 7
А қ с у	2 5 4
А л а к ө л	2 5 5
Қ а р а т а л	2 5 9
К е р б ұ л а қ	2 6 0
К ө к с у	2 6 1
П а н ф и л о в	2 6 2
С а р қ а н д	2 6 3
Е с к е л д і	2 6 4
Ж а р к е н т қ а л а с ы	2 6 6
С а р қ а н т қ а л а с ы	2 6 7
Т а л д ы қ о р ғ а н қ а л а с ы	2 6 8
Т е к е л і қ а л а с ы	2 6 9
Ү ш т ө б е қ а л а с ы	2 7 0
Ү ш а р а л қ а л а с ы	2 7 1
Атырау облысы-04	

Ж ы л ы о й		0 5 9
И н д е р		0 6 0
И с а т а й		0 6 1
Қ ы з ы л қ о ғ а		0 6 2
Қ ұ р м а н ғ а з ы		0 6 3
М а қ а т		0 6 4
М а х а м б е т		0 6 5
Атырау қаласы	066	
Шығыс Қазақстан облысы-05		
Г л у б о к и й		0 6 8
З а й с а н		0 6 9
З ы р я н		0 7 0
К а т о н қ а р а ғ а й		0 7 1
К ү р ш і м		0 7 2
Л е н и н о г о р		0 7 3
Т а р б а ғ а т а й		0 7 8
Ұ л а н		0 7 9
Ш е м о н а и х а		0 8 0
З а й с а н қ а л а с ы		0 8 1
З ы р я н қ а л а с ы		0 8 2
Л е н и н о г о р қ а л а с ы		0 8 3
С е р е б р я н с к қ а л а с ы		0 8 4
Ө с к е м е н қ а л а с ы		0 8 5
Ш е м о н а й х а қ а л а с ы		0 8 6
А б а й		2 3 6
А я г ө з		2 3 9
Б е с қ а р а ғ а й		2 4 0
Б о р о д у л и х а		2 4 1
Ж а р м а		2 4 3
К ө к п е к т і		2 4 4
Ү р ж а р		2 4 8
А я г ө з қ а л а с ы		2 5 1
С е м е й қ а л а с ы		2 5 2
Шар қаласы	253	
Жамбыл облысы-06		
Б а й з а қ		0 8 7
Ж а м б ы л		0 8 8
Ж у а л ы		0 8 9
Қ о р д а й		0 9 0

Т. Рысқұлов атындағы		091
М е р к е		0 9 2
М о й ы н қ ұ м		0 9 3
С а р ы с у		0 9 4
Т а л а с		0 9 5
Ш у		0 9 6
Тараз қаласы		097
Жаңатас қаласы		098
Қаратау қаласы		099
Шу қаласы	100	
Батыс Қазақстан облысы-08		
Б ө р і л і		1 1 4
Ж а ң а қ а л а		1 1 5
Ж ә н і б е к		1 1 6
З е л е н о в		1 1 8
Қ а з т а л о в к а		1 1 9
Қ а р а т ө б е		1 2 0
С ы р ы м		1 2 2
Т а с қ а л а		1 2 4
Т е р е к т і		1 2 5
Бөкейордасы		1 2 6
А қ ж а й ы қ		1 2 7
Ш ы ң ғ ы р л а у		1 2 8
А қ с а й қ а л а с ы		1 2 9
О р а л қ а л а с ы		1 3 0
Чапаев қаласы	131	
Қарағанды облысы-09		
Қ а р қ а р а л ы		1 3 3
А б а й		1 3 4
Н ұ р а		1 3 6
О с а к а р о в к а		1 3 7
Б ұ х а р - Ж ы р а у		1 4 0
А б а й қ а л а с ы		1 4 1
Қ а р а ғ а н д ы қ а л а с ы		1 4 2
Қ а р қ а р а л ы қ а л а с ы		1 4 3
С а р а н ь қ а л а с ы		1 4 4
Т е м і р т а у қ а л а с ы		1 4 5
Ш а х т и н с к қ а л а с ы		1 4 6
А қ т о ғ а й		1 0 2

Ж а ң а р қ а		1 0 4
Ұ л ы т а у		1 0 6
Ш е т		1 0 7
Балхаш қаласы		1 0 8
Жезқазған қаласы		1 0 9
Қаражал қаласы		1 1 0
Приозерск қаласы		1 1 1
Сәтпаев қаласы	112	
Қызылорда облысы-10		
А р а л		1 4 7
Ж а л а ғ а ш		1 4 8
Ж а ң а қ о р ғ а н		1 4 9
Қ а з а л ы		1 5 0
Қ а р м а қ ш ы		1 5 1
С ы р д а р и я		1 5 3
Ш и е л і		1 5 4
Қазалы қаласы		1 5 5
Қызылорда қаласы	156	
Қостанай облысы-12		
А л т ы н с а р и н		1 7 8
Ж е т і ғ а р а		1 7 9
Қ а м ы с т ы		1 8 0
Қ а р а с у		1 8 1
Қ а р а б а л ы қ		1 8 2
Қ о с т а н а й		1 8 3
Ұ з ы н к ө л		1 8 4
М е ң д і қ а р а		1 8 5
Н а у р ы з ы м		1 8 6
Д е н и с о в		1 8 7
Ә у л и е к ө л		1 8 8
Т а р а н		1 8 9
С а р ы к ө л		1 9 0
Ф е д о р о в		1 9 1
Жетіғара қаласы		1 9 2
Қостанай қаласы		1 9 3
Лисаковск қаласы		1 9 4
Рудный қаласы		1 9 5

Амангелді		272
Жангелді		276
Арқалық қаласы	282	
Маңғыстау облысы-13		
Бейнеу		196
Қарақия		197
Маңғыстау		198
Түпқараған		199
Ақтау қаласы		200
Жаңаөзен қаласы		201
Форт-Шевченко қаласы	202	
Павлодар облысы-14		
Актоғай		204
Баянауыл		205
Железинка		206
Ертіс		207
Качир		208
Лебяжі		209
Май		210
Павлодар		211
Успенск		212
Шарбақты		213
Ақсу қаласы		215
Ертіс қаласы		216
Курчатов қаласы		217
Павлодар қаласы		218
Екібастұз қаласы	219	
Солтүстік Қазақстан облысы-15		
Қызылжар		220
Мағжан Жұмабаев атындағы		221
Жамбыл		223
Есіл		224
Мамлют		225
Сергеев		228
Совет		229
Тимирязев		231
Булаево қаласы		232
Мамлютка қаласы		233
Петропавл қаласы		234

Сергеев қаласы		235
Айыртау		157
Уәлиханов		162
Тайынша		164
Целина		165
Ақжар		167
Тайынша қаласы	175	
Оңтүстік Қазақстан облысы-19		
Байдыбек		286
Арыс		287
Мақтаарал		288
Қазығұрт		289
Ордабасы		293
Отырар		294
Сайрам		295
Сарыағаш		296
Созақ		297
Төлеби		298
Түлкібас		300
Шардара		301
Арыс қаласы		302
Жетісай қаласы		303
Кентау қаласы		304
Ленгір қаласы		305
Сарыағаш қаласы		306
Түркістан қаласы		307
Шардара қаласы		308
Шымкент қаласы	309	
Алматы қаласы-20		
Алмалы		311
Әуезов		312
Бостандық		313
Жетісу		314
Медеу		315
Түркісіб	317	
Астана қаласы-21		
"Алматы"		318
"Сарыарқа"	319	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК